

**Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына және Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне жіберу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 416 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 маусымдағы N 967 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.06.23 N 967 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан мына өкілетті өкілдер жіберілсін:  
Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімов;  
Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне:  
Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды құтқару қоры филиалы Атқарушы дирекциясының директоры Алмабек Нұрышұлы Нұрышев;  
Солтүстік Арал теңізі бөгетіндегі "Mott McDonalds - TemelSu" бірлескен кәсіпорны объектісінің және "Ақлақ" су торабы құрылыс кешенінің (Мотт МакДоналдс - Темелсу) бас инженері Әбдіманап Құтжанұлы Құтжанов;  
Халықаралық Аралды құтқару қорының Тексеру комиссиясына - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы бақылау комитетінің төрағасы Федор Федорович Сутулов.
2. Қазақстан Республикасының өкілетті өкілі Медет Оспанұлы Оспанов Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетінен кері қайтарылсын.
3. Ахметжан Смағұлұлы Есімовке Халықаралық Аралды құтқару қорының қызметіне қатысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге және құжаттарға қол қоюға өкілеттік берілсін.
4. "Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына және Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 836 қаулысының күші жойылды деп танылсын.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК